

*бағдарламасында жасалған
буклеттің алғашқы беті*

Сонымен, бұл бағдарламалық өнімді күнделікті есептерде, газеттерде, буклеттерде, плакаттарда, рекламаларда, оқу және басқа да типтік демонстрациялық материалдарды баспаға шығаруға дайындау үшін қолдануға болады. Scribus сізге тәжірибе жасауда, жаңашылдық құруда көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Вводный курс по scribus: справочное руководство в формате PDF–режимдоступа: http://Linux.hanski.info/static/download/fyug_orig_files/scribesTutorial.tar/gz/, свободный.
2. Официальный сайт, посвященный scribus: сайт в режиме доступа: <http://www.scribus.net>, свободный.
3. Википедия: статья в системе Wikipedia – режим доступа: <http://ru.Wikipedia.org/wiki/scribus>, свободный.

Оспанова Ш.Б ¹, Беген Т.Қ. ²

1. *Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 1 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

PREZI — БҰЛ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУДЫҢ ЕҢ ҮЙГЕЙЛІ ТҮРІ

Конференциялар, семинарлар және ұзақ монотонды сөздерден кейін кейбір ақпараттар түрлі себептермен қажетті түрде сіңірілмейді және бұл ересектер жайында, ал мысалы дене шынықтыру сабағынан келген немесе 5-6 сабақ қатарынан өтетін оқушылар жайлы не айтуға болады. Презентацияларды қолдану арқылы оқушылар назарын аударуға болады, бірақ бір типті слайдтармен бұл әдісте сәтсіз аяқталады [1, 25 бет].

Презентацияны құрастыру ең кең таралған әдістердің бірі, әрбір мұғалімнің басынан өтетін. Бұл әдісті іске асыратын танымал құрал ол –Power Point болатын. Бірақ уақыт өте келе, бүгінгі күні бірқатар күшті бәсекелестері пайда болды, олар Power Point-тан еш кем емес, ал кейбіреулері тіпті Power Point-тан асып түседі. Бұндай перспективті жобалардың бірі Prezi онлайн қызметі болып табылады [2, 33 бет].

Prezi — бұл презентация жасаудың ең жаңа түрі. Осы технолоия 2009 жылы пайда болып, бірнеше жылдың ішінде бүкіл әлемге орасан зор әйгілі болды (сурет 1).



Сурет 1. Prezi презентация жасау құралы

Prezi — интерактивті презентациялар жасау үшін пайдаланылатын бұлтты қызмет болып табылады (интернет презентациялар сақтау желісі болып табылады). Бұл программаның Power Point-тан негізгі айырмашылығы - Power Point бағдарламасындай жеке емес слайдтармен жұмыс істей аласыз, ал Prezi бағдарламасында өз бетіңізше бүкіл жұмыс ауданында сізге қажет элементтерді орналастыра аласыз. Ол элементтер – мәтіндік блоктар, стикерлер, геометриялық пішіндер, суреттер және т.б. Ол элементтерді жұмыс ауданында еркін орын ауыстырып және өлшемін қалағаныңызша өзгерте аласыз.

Қажетті элементтерді белгілі бір құрылымға біріктіріп, ол аймақты белгілеп бөлек кадрға біріктіріп, басқа да слайдтар көшу тізбегін баптай алуға болады. Презентацияны көру барысында барлық қаріптер мықтап «тігілген», кез келген қаріптер жүйесі қолданылмайды. Кез келген компьютерде немесе кез келген мобильді құрылғыда терілген мәтін экран бетіне дәл сол сияқты пайда болатынына сенімді бола аласыз. .

Prezi онлайн қызметі дайын жұмысты сақтау әдісімен ерекшеленеді. Сонымен, презентацияны автономды сақтап қана қоймай, сонымен қатар оны еш қиындықсыз интернет желісіне немесе әлеуметтік желілерге жіберуге де болады. Осымен Prezi бағдарламасының Power Point бағдарламасынан айырмашылығы таусылмайды. Prezi технологиясы Power Point бағдарламасына бәсекелестік тудырып қана қоймай, оны қолдану үрдісінен ығыстырды. Оның барлығы принципіалды ерекшелігінің арқасында.

Prezi бағдарламасында құрылған презентациялар бұрын Power Point бағдарламасында орнатылған барлық шектеулерді жояды. Енді қолданушылар барлық қалағанын 3D үлкен аумағында орындай алады. Ірі аумақ кез келген жерде слайдтарды құруға және олардың арасындағы ерекше ауысулар жасауға мүмкіндік береді. Презентация құруға арналған көп элементтермен қатар көптеген функционалды мүмкіндіктер бар (сурет 2).



Сурет 2. Prezli презентация жасау шаблондары

Егер Power Point бағдарламасында құрылған презентация сол компьютерде көрсетілмесе, техникалық ақаулар туады. Мәтін әдеттегідей көрсетілетініне ешқандай кепілдік жоқ. Мәтіндегі әріптердің қалыңдығы немесе әріптерге орнатылған қаріп (немесе автоматты қойылған) арасындағы арақашықтық кішкене өзгертілсе – мәтіннің басты бөлігі слайдтың сыртына шығып кетеді. Power Point бағдарламасындағы презентацияда «Қаріптер енгізу», өкінішке орай толық қорғауды қамтамасыз етпейді.


Тіпті бұл жағдайда мәтіннің ішкі түрі жүйенің параметрлеріне және орнатылған қаріптерге байланысты өзгеріп отырады. Prezli бұл фонда тиімді ерекшеленеді.

Power Point суреттермен оғаш заттарды жасайды. Егер экран өлшемімен салыстырғанда слайдтағы сурет өлшемі сәл кішкентай болса, демек сіздің жолыңыз болмады. Сіз презентацияны құрған компьютер жайында емес, сіз Power Point презентациясын көрсетіп жатқан компьютер жайында айтылып тұр. Егер сіз презентацияның қай компьютерде көрсетілетінін алдын ала білмесеңіз (мысалы, презентацияны электронды поштамен жіберетін болсаңыз), - демек сіз сәтсіздікке ұшырадыңыз.

Prezli суреттермен өте тиянақты жұмыс жасайды. Прези-да суреттің өлшемін экранға қажетті етіп баптау функциясы бар. Егер жүктелген сурет өлшемі өте үлкен болса, анимацияны баяулатпау мақсатында Prezli сурет өлшемін кішірейтуді ұсынады. Prezli технологиясы әр қажет болған жағдайда суреттерді мұқият «қысады».

PowerPoint бағдарламасында бейнежазба қою – оңай жұмыс емес. Тіпті егер бейне жазбаның кодтау пішімін сәйкестендірсе де - қуануға тым ерте! Презентация көрсетілетін компьютерде басқа параметрлер және басқа да кодтар болуы мүмкін. Бұл жағдайда бейне жазба іске қосылмайды.

Prezli – тек файлдар үшін ғана емес, сондай-ақ бейне жазбалар үшін де толыққанды «өзі өзіне плеер». Prezli бағдарламасында құрастырылған презентацияда бейнежазбаны YouTube желісінен немесе компьютерден қоюға болады (сурет 3).



Сурет 3.Prezi презентациясына бейнежазба кірістіру

Егер бейне жазба құрастырылған компьютерде көрсетілсе, басқа да компьютерлерде де көрсетілетініне сенімді болыңыз!

Болашақта осы бағдарламаны белсенді қолданып, өз жұмыстарыңызда қолдануды жоспарлап көріңіздер.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Концепция информатизации образования РК;
2. Ж.К.Нұрбекова, Қ.М.Байғұшева, А.З.Даутова. Қазіргі бағдарламалау тілдері.

Айтбенова А.А.¹, Бекқұлы М.Н.²

1. Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы
2. «Информатика» мамандығының 3 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

3DS MAX БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Компьютерлік графика – ең көп тараған және қызықты қазіргі компьютерлік технологиялардың бірі. Үшөлшемді графика компьютерлік графиканың бір бөлігі болып табылады. Осындай бағдарламалардың ішінде 3ds Max бағдарламасы көшбасшы орындардың бірін алады. 3ds Max бағдарламасы Autodesk компаниясының жеке меншігі болып табылады және сол компанияның компьютерлік графика және анимацияға арналған бағдарламаларды құруға мамандандырылған бөлімінде, яғни Discreet фирмасында жасалған. 3ds MAX бағдарламасы үш өлшемді компьютерлік графика немесе 3d графикаға (3 dimensional - 3 өлшемді) арналған бағдарламалардың тобына жатады және шын мәнді өмірдегі немесе ойдан құрастырылған әлемдегі фотографикалық сипат және сапамен көрінетін, сондай-ақ анимация деп аталатын объектілердің қимыл әрекетін көрсететін көріністерді имитациялайтын бөлек-бөлек кескіндерді синтездеуге арналған.

Тез дамуының нәтижесінде Max салалық стандартқа айналды, оның қолдану аясы үлкен және көп қырлы. Негізінде, бұл үш өлшемді модельдеу және анимация бағдарламасы дүние жүзіндегі үйдегі қолданушылар мен